

Жиңиң мәдени

рухани-таныстық журнал

ЖАҚСЫНЫң ЖОҒЫН ЖОҚТАУШЫ

Өзі туралы айтудан гөрі, өзгелер жайлы көп айтқан

Қазақ «таза адам» дегенде үстібасын, кімін таза үстап, бипаздап жүретін адамды айтпайды. Өзі адад, жүзінен мейірім мен жылылықтың лебі есіп туратын жаңы атпақ адамды айтады. Таза жолмен журуге өзін тәрбиелеп, өзгелерді сол ақ жолға қарай бұрып, ізгі істердің үйіткесі болып жүретін ерекше адамдар болмаса бұл өмірден түңіліт, жаңынан баз кешіп кетуге болар еді. Руханитанымдық кештерден, небір әдеби кездесулерден қалмайтын, өзі де сондай рухани дүниелерді насхаттап, ұлттық сананы ояту жолында тынбай енбектеніп жүретін, меценат, ақын, табысты қасіткер ретінде аты шыққан Бижан Қалмагамбетовты көрген сайын, бұл кісі осының берін қалай алып жүр екен, сол туралы жазу керек еді деп коятынын. Соның сөті түскен еді. Жаңының тазалығы, қарапайымдығы сондай, мен ол кісі туралы білгім келіп, сұрақ қойған сайын, ол өзгелер жайлы айтты, өзгелерге көбірек тоқталды. «Маган өзім туралы айтқаннан, біреу туралы айтқан жақсы» деп жымыди.

Өзі туралы білу үшін Бижанның өлеңдеріне үңілдік. Ақын жаңын өлең шумақтары арқылы төккен сыйрынан ұқықым келді.

Әнші-жырау осал емес тегінде,

Көп айтамыз хас батырлар жөнінде.

Жігіт болсаң рухыңды әйгілеп,

Домбыра мен қылыш тұрсын төрінде.

Жақсы адамдар бақытына таспайды,

Болмасын тек «байтал түгіл бас қайғы».

Домбырамен күмбірлеміп күй төксен,

Ал қылышың жамандықтан сақтайды.

Жақсы адамның өзі жан-жағына шарапатын тигізіп жүрмей ме? Қазір қасібі дөнгеленген қасіткер

Бижан — сондай елге болсын деп жүретін адам. — Училищеде сабак беретінмін. Көмелетке толмаған балалар ісі жөніндегі комиссияда Сергей деген баланың ісі қаралды. Ол Березка дүкенінен шалбар үрлап алыпты. Бұған дейін де небір бұзақтығымен есепте тұрган баланы сottатып жетуге жететін зан бұзушылық. Темір тордың ар жағында бұл бала түзеліп кететіндігіне сенім жоқ. Сондықтан комиссияға тेरағалық етіп отырған Сәния Қалдығуловаға «осы баланы адам қыламын» деп жалынып, сұрап алды. Күш-куаты тасып, үнемі бір нәрселерге ұрынып жүретін Сергейден кластиғы балалардың барлығы қорқатын. Мен оны староста қылыш тағайыннадым. Осылайша кешеғана тәртіпсіздік жасап жүретін балаға, кластиң тәртібін қадағалау жүктелді. Кейін сол баланы 10 жыл өткен соң көшеде кезіктірдім. Керемет қасіткер болыпты. Егер мен сол баланы сұрап алмағанымда. Қалдығулова сөзіме сеніп, ол баланы маған бермегенді, оның тағдыры не болар еді?! — деп есіне алды. Бұл — Бижанның ізгі істерінің бір үшінғанға.

Бижан Қалмагамбетов — Атыраудың Қызылқога ауданынан. Қарапайым жұмысшылардың отбасында туды. Әкесі соғыс ардагері. Танкест болған. 1977 жылы 52 жасында өмірден өтіп кетті. Шешесі орта білімді, ауданда пошта қызметкери болған. Кезінде Ақтөбеде үй бермей, біраз ауре-сарсаңмен жүргендегендегенде үй алған. Құрылыш саласында кәсібі бар. Үш үл, екі қызы тәрбиелеген еке.

Бұл дүние айналғанмен сырласына,



ЖАҚСЫНЫҢ
ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ,
НҰРЫ ТАСЫСЫН

Таланттымен талайларды табындырса да кеудесін соқтап, өзін жақсымын деп айта алмай, өмірден өтіп кеткен санлақтардың атын өлтірмей, солардың жақсылығын айтап, өнерін насхаттап жүретін адамдар болады.

Багыт багдар көрсетін, бастағандар,

Қанат беріп, ұшырып қоштагандар.

Әрдайым мен сендердің жаңындамын,

Жетеді екен өмірде жақсы адамдар! — деп өзі өлеңінде жырлағандай, Бижан Қалмагамбетов жақсының жоғын жоқтап жүреді. Ол өлеңімен жанды баурап алған, таланттына табындырған Табылды Досымовтың есімін ту қылыш үстап, насхаттаудан танған емес. «Бір кісі жаққан отқа мың кісі жылынады» дегендей, талай өнерлі жастарды қолдап-қошеметтеп, бірқатар игі істердің үйіткесі болып жүретінін көпшілік біледі. Кейбіреулері таң қалады, кейбіреулері тосырқайды, енді біреулері түсінбей қарайды.

Бұл дүние айналғанмен сырласына,

Енді біл мәңгі бақи тұрмасына.

Адамга жақсылық жасау жаңына жат,

Шығасың сен де құрбым қыр басына, — деп Табылдының өзі жырлағандай, бәріміздің баратын жеріміз бір болғанмен, артында жоқтаушысы болмаса, пендешілікке салынатын біздердің келмеске кеткен дара тұлғаларымызды үміттеп кететініміз бар фой. Олардың қалдырган құнды мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, көздін қарасындау сақтау — жүргі ұлттың деп соқсан өрір адамның міндеті деп білетін. Бижан Қалмагамбетов өнер жанашыры ретінде, бард-ақын Табылды Досымовтың мұрасын түгендеді міндетім деп санайды.

Ол:

— Табылды екеуміз негізі құдандалы адамдармыз. Оның өлеңдеріне ғашықтын. Табыл ете қарапайым адам еді. Кездескенде бейнекамераға түсіріп алмақ болғанымда, «осы керек емес, емін-еркін отырып сырласайықшы» дейтін. Қорсетпей түсіріп алған бір бейнеказба бар. Реті келгенде жарияламақтын. 2012 жылы Т.Досымов атындағы республикалық қор құрып, қолымнан келгеше оны еске алу кештерін өткізіп келдім. Енді басқа деңгейге көшеміз. Табылдының мұражайын ашсам деймін. Оның үйінде не бір жәдігерлер бар. Исадай-Махамбеттің портреттері, ескерткіштердің суреттері, садақ, шоқпар, қамшы, домбыра дейсіз бе, көзі тірісінде жинай берген екен. Бұның барлығы бізге, біздің ұрпағымызға керек, — деп жоспарымен белісті. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі – бос» деп ұлы Абай айтқандай, Бижан сияқты жақсының жоғын жоқтаушылардың барлығына шүкір етеміз.

Бақыт Жаншаева



Табылды Досымовтың олсөдерінен

СӘЙГҮЛІК

Кездерде кейде қара бұлт айды бүктеген, Үйіме үнсіз тұңжырап қайғырып келем. Талықсып жатып содан соң кетемін үйіқтап, Үйіқтап кетсем түсімде сейгүлік көрем...

Мінем де шабам алдынан аңғарлар қаптап, Таулардан орғып өтемін, заңғарларды аттап. Жарықтың жылдамдығын да жолда қалдырам, Мен болсам — арман, тұлпарым — арманнан да әппақ! Жосылтам, шіркін!

Борайды жаңа өлең қардай.

Тұлпарым қандай сол шақта және мен қандай?! Аңсау бар жаңа ес - түссіз! — Тым-тым алыста Тек мені күтіп жатқан бір ақ өлем бардай

Аққу сыңдымын бүгінде айдыны — қырау. Ақ өлемге барып жерлер ем қайғыны мынау. Өңіме қарап, апыр-ау, шаппайсың ба енді, Түсімде көріп жүретін сейгүлігім-ау!

БИІКТІК

Ұнатады шында көніл шырқауды, Таулары жоқ тәбемізден бұлт ауды. Толағай боп туылмадым, әттең ай, Атырауға әкелер ме ем, әкелер ме ем бір тауды... Шынды армандап тәбесі көк сүзгілер, Экраннан Эверестке үздігер. Обаны адыр, адырларды тәбе деп, Тәбелерді тау деседі, тау деседі біздің ел. Тартыспай ақ, Гамзатовтай көкеммен, Тау ұлы емес, қыр ұлы боп өтем мен, Осы қырда төбешіктей Аналар, Дүниеге таудай ұлдар, таудай ұлдар әкелген. Ерліктері айналмайтын елеске, Ереулі атқа ерін салған егесте. «Ереулі атқа ерін салған егесте» Махамбеттің өзі бір тау, өзі бір тау емес пе? Жанарында жасын ойнап керемет, Қарсы шапқан жауған оқца себелеп. Санада болса қалай ғана айтартың, Нысанбаев тау емес ед, тау емес еді тәбеде. Тау ұлдары тауда нағыздан сырбаздай, Жүздеріңде шабыт оты жүр маздай. Біздің қырда қыдырса егер бір жаздай, Талай ақын кетер ме екен, кетер ме екен жыр жазбай... Алты алаштың алыптары берсе дем, Таусыз ғұмыр кешеріме мен сенем. Биіктікті айналайын, туған ел, Қыранының қанатымен, қанатымен өлшеген. Бір құдірет тулағанда, жасқанда, Құлаш үрмай тауға, шыңға, асқарға, Қыр баласы тауға қарап еспейді, Қыр баласы қол созады, қол созады аспанға